



БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
Ж.К. Тоғанова
2022 ж.

**2022-2023 оқу жылында 01140300-"Көркем еңбек"
мамандығының 4S01140300-"Көркем еңбек мұғалімі"
біліктілігі бойынша шығармашылық емтихан талаптары**

Дайындаған оқытушы:

Кожакметова Ф.К.

Келісілді:

Өнер бөлімінің меңгерушісі:

Бимағамбетова Р.Ж.

Шығармашылық емтихан талаптары қабылдау комиссиясының отырысында талқыланып,
бекітілді. Хаттама № 2 19.06.2022

**01140300 - "Көркем еңбек" мамандығы,
4S01140300 - "Көркем еңбек мұғалімі" біліктілігі бойынша
шығармашылық емтихан талаптары**

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығының
5-қосымшасына сәйкес. (2021 жылғы 16 тамыздағы № 405 бұйрығына))

Бірінші шығармашылық емтихан талаптары
(нұсқаны қабылдау және оны бейнелеу қабілеті тексеріледі)

Тақырыбы: "Натюрморт" қойылымын бейнелеу
Форматы: А3 мөлшерлі қағазға орындау
Техникасы: Акварель бояуымен орындау
Уақыты: 2 сағат

Сурет салған кезде сақталатын заңдылықтар:

1. Сызық және ауа перспективасы
2. Сурет композициясы
3. Үйлестіру заңдылығы
4. Жарық - көлеңке перспективасы
5. Натюрморт салу бірізділігі:
 - натюрморттың жалпы композициялық орналасуы
 - бейнеленетін заттардың жалпы пішіні мен пропорциялық қатынастарының анықталуы
 - жарық - көлеңке өңдік қатынастарының дұрыс шешілуі

Салынған суретті бағалау критерийлері:

1. Перспектива заңдылықтарын дұрыс қолданылуы және перспективалық қысқару ережелерінің сақталуы
2. Натюрмортта берілген заттарды жазықтыққа дұрыс орналастыру
3. Бейнеленген заттардың қағаз өлшеміне сәйкестігі және пішіндердің пропорцияларының дұрыс табылуы
4. Заттың материалдылығының дұрыс көрсетілуі және натюрмортта берілген заттардың өңдік қатынастарының дұрыс орындалуы
5. Бейнеленген заттар бейнесінің біртұтастық композицияға келуі

Қорытынды нәтиже сурет салудың бағалау критерийлері нәтижесінде шығарылады.

Екінші шығармашылық емтихан талаптары

Тақырыбы: "Қолөнер" түрлерінен (жапсырмалау, коллаж, көркем тоқыма өнері, мүсіндеу, көркем кесте өнері, квиллинг, мозайка, витраж және т.б.) бұйымдар жасау

Форматы: А3 мөлшерлі қағазға орындау

Қолөнерді жасау тәсілдері: қағазды жапсырмалау және бүктеу арлықы дайындалған жұмыстар, матамен жұмыс түрлері, ағаш материалымен жұмыс, табиғи материалдармен жұмыс түрлері.

Уақыты: 2 сағат

Шығармашылық жұмысты орындау техникасы төменде берілген заңдылықтар арқылы жүргізіледі:

1. Өнер шығармасының көркемдік мүмкіндіктері
2. Шығарманың жасалу техникасы
3. Бұйымның формасы
4. Таңдалған материалы
5. Түстердің үйлесімділігі

6. Бұйым жасауда қолданылған әдістер
7. Көркем шығарманың біртұтастығы

Шығармашылық жұмысты бағалау критерийлері:

1. Шығармашылық жұмыста табиғи орта әсерін көрсете білу
2. Композициялық құрылымның анықталуы және арнайы құрылыстық шешімі
3. Бояу үндестігінің үйлесім табуы және бұйымның көркемдік стилі, безендірілу өрнегі
4. Жасалған бұйым бейнесінің біртұтастық композицияға келуі
5. Перспектива заңдылықтарының дұрыс қолданылуы

Шығармашылық жұмыс берілген критерийлері арқылы бағаланады. Қорытынды нәтиже қолөнер бұйымын жасаудың бағалау критерийлері нәтижесінде шығарылады.

20 шілдеге дейін алдын ала бекітілген кестеге сәйкес кеңес беру жүргізіледі.

Талапкерлерден алынатын шығармашылық емтихандар алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі